

# Қазіргі қытай мәдениетінің ерекшелігі



# *Жоспары*

- ❖ *Негізгі бөлім: Қытай халық республикасы*
  - *Қытай асханасы*
  - *Қытай тілі*
  - *Дін*
  - *Саманауи қытай өнер туындылары*
- ❖ *Қорытынды*
- ❖ *Соңы*

**Қытай Халық Республикасы** — азия құрылығында орналасқан мемлекет, астанасы Бейжің (Пекин).

Халық саны бойынша, әлемдегі 1-ші мемлекет (1,3 млрд санынан астам, халық көпшілігі — этникалық қытайлықтар, өз атауы — хән); жер аумағы бойынша Ресей және Канададан кейінгі 3-ші орында. 1949 жылы Қытай Халық Республикасы жарияланғаннан бері елді Қытай Коммунистік партиясы билеуде. Ресми түрде сегіз партия болса да, ҚХР-сын бір партиялы, авторитарлық елдер қатарына жатқызады.



Туы



Елтаңбасы



Әлем картасындағы  
орны

Қытайлардың негізгі тамақтану принциптерін әйгілі философ Конфуций кұрып берген көрінеді. Ол жеткілікті тұздамаған, қайнатылмаған және ашытылмаған тағамды жеу әдепсіздіктің белгісі деп үйреткен. Конфуций қытайлардың дәстүрлі тағам дайындауын жеке бір өнер ретінде қабылдауға негіз қалаған. Онымен қоса ұлы ойшыл қолайсыз көрінетін, жағымсыз иісі бар, қиқы-жиқы туралған тамақтарға тиіспеу керек деп тұжырымдаған. Сол кездегі даостық ұғым бойынша, дұрыс даярланған тағам денсаулықтың кепілі деп танылған. Ал тағамман қоса жақсылап қайнатылған шай мен үйлесімді тамақ қоспалары кез келген аурудың емі болып саналған.



Тамақтану немесе дастарқаннан дәм тату бұлардың ұлттық мәдениетіне ортақтасу болып есептеледі. Көбінесе қытайлар дөңгелек үстел басында жиналады. Қытайлар біз секілді бір табақты ортаға қойып, бәріне ортақ етіп, бір үлкен бас тағам ұсынбайды. Тамақтанардан бұрын дастарқан басындағы әр адамға ішінде асылған күріш толтырылған шағын кесе мен өздерінің тілінде «куайцзы» деп аталатын қос таяқша таратылады. Содан соң үстел басына неше түрлі шағын тағамдар әкелінеді. Сөйтіп, әр адам өз қалағанын таяқшаларымен алып, алдарындағы кеселеріндегі күрішпен араластырып отырып жейді. Мұндай шағын тағамның саны оннан астам болады. Кейде дастарқан басында біраз адам жиналғанда шағын тағамның қырықтан астам түріне дейін қойылады. Дәстүр бойынша дәм татудан бұрын қытайлар қантсыз, сүтсіз, ешқандай қоспасы жоқ көк шай ішеді. Содан кейін ғана асқа қол салады. Қытайлар тамақты асықпай, аз-аздап, көбінесе үнсіз, тамсанып отырып жейді. Дастарқан басында қонақ отырса, шаңырақ иесі оған өз таяқшасымен қалаған тамағын салып береді.





Қытай тілі — кең таралған [тіл](#) (өзара ұқсас көптеген диалектілерден тұрады), Тибет тілдері тобына жатады, [Тайвань](#), [Сингапур](#), [Малайзия](#), тағы басқа елдерде қолданылады, 1,5 миллиардқа жуық халық күнделікті қарым-қатынаста пайдаланады. Қытай тілінің басты ерекшеліктері:

Қытай тілінде төрт үн бар, мағына үн (тон) арқылы анықталады;


әрбір [иероглиф](#) бір буын болып есептеледі;

жалаң буынды сөздер жиі кездеседі, күрделі сөздер көп түбірден құралады, бірақ морфолагиялық түрлену болмайды;

сөздердің орын тәртібі мен шылаулар қолданысы негізінде грамматикалық мағына айқындалады.




Қытай жазуы иероглифтiк жазудың бүгiнгi күндегi ең дамығаны болып есептеледi. Бiр иероглиф белгiлi мағынаны бiлдiрiп, бiр фонетикалық заңдылықтар бойынша бiр фонема болып есептеледi. Сондай ақ қытай иероглифтерi жеке дыбысты немесе фонеманы бiлдiре алмайтындықтан тiлдегi бүкiл сөздiк қорға жеке-жеке таңба жасап шығуға тура келгенi мәлiм. Осылайша қытай тiлi сөздерiнiң мағынасы бейнелейтiн таңбалар неше мыңдаған түрден асып жығылады. Мысалы, қазiргi кей бiр сөздiктерде 50 мыңнан астам иероглиф қамтылып отырғаны айтпасақ та түсiнiктi.



n	w-	r-	y-	m-	h-	n-	t-	s-	k-		
ん	わ	ら	や	ま	は	な	た	さ	か	あ	-a
N	WA	RA	YA	MA	HA	NA	TA	SA	KA	A	
	ゐ	り		み	ひ	に	ち	し	き	い	-i
	WI	RI		MI	HI	NI	CHI	SHI	KI	I	
		る	ゆ	む	ふ	ぬ	つ	す	く	う	-u
		RU	YU	MU	FU	NU	TSU	SU	KU	U	
	ゑ	れ		め	へ	ね	て	せ	け	え	-e
	WE	RE		ME	HE	NE	TE	SE	KE	E	
	を	ろ	よ	も	ほ	の	と	そ	こ	お	-o
	WO	RO	YO	MO	HO	NO	TO	SO	KO	O	

Ресми түрде Қытайда 56 ұлт бар. Ханзу ұлты 92 % болғандықтан қалған халықтарды аз санды ұлттар деп атайды. Іс жүзінде аз санды ұлттар көбі ірі ұлттармен біріктірілген және ұлттардың саны бұдан көп. Әр жылдардағы санақтарда ресми ұлттардың саны әртүрлі болды. 1953 жылғы санақта 41 аз санды ұлт көрсетелді. Ал 1964 жылы 183 тіркелген ұлттың үкімет тек 54 таныды. Қалған 129 халықтың 74-і танылған 54 халыққа қосылды, ал 23-і "басқа" , 32-і "күдікті" деп сналды.





Қытай зайырлы мемлекет. Қытай мыңдаған жылдар әртүрлі мәдениеттермен көршілес, және тығыз қарымқатынаста болғаннан онда алуан түрлі діндер таралған. Олардың ең кең таралғандары конфуцилік, даостық және будда діндері. Әлемдік екі дін ислам мен хрестиян діндерін ұстанатын қытайлықтарда кездеседі. Ислам дінің өкілдерінің ішінде ұйғұр, қазақ, қырғыз, өзбек, татар, тәжік, т.б. ұлттары өкілдері барлығы шамамен 19 млн болғанымен жергілікті мұсылман қытайлар саны 150 млн-ға жетеді. Мұсылман қытайлардың ең тығыз орналасқан жері Шанхай қаласы. Ондағы мұсылмандардың көп болу себебі «Шібек жолы» арқылы мұсылман мемлекеттерімен ұзақ сауда қатынастары деп тұжырымдалады. Ал, хрестиян діні өкілдерінің жалпы саны 130 млн деген ақпараттар кездеседі.

# Саманауи қытай өнер туындылары



<http://www.liveinternet.ru/users/1300002/>



# Саманауи қытай өнер туындылары



Қорыта келетін болсақ, қытай өркениетіне Конфуций заманынан бері әрбір адамның жердегі өміріндегі бақыт пен аман-саулығына бағытталған жоғары әлеуметтік-саяси белсенділік тән болды — адамның тағдыры құдайдың салғаны емес, өз еңбегінің арқасы. Қытай тарихындағы үлкен халық қозғалыстары менен Қытайға тән жоғары әлеуметтік көшпенділіктің мәнісі осында жатыр. Қытай өркениеті — әлемдегі ең ежелгілердің бірі. Қытай ғалымдарының айтуы бойынша, оның жасы бес мың жылға жуық, оның үстіне жазба көздері 3500 жылғы мерзімді қамтиды. Династиялар ауысқан сайын түрлі даму кезеңдерінен өткен ежелгі әкімшілік басқарудың баршылығы, өзге өркениеттен кейін қалып қойған көшпенді көршілер мен тау халықтарына қарағанда, жер өңдеу саласы дамыған экономикасының баршылығы анық артықшылық болды. Қазіргі заманда қытай экономикалық және мәдени дамыған алдыңғы қатарлы мемлекеттедің бірі, біздің ел сияқты әртүрлі ұлттар мен ұлыстар, дін өкілдерінің тату тіршік етіп отырған ортақ отаны.



# Соңы

Орындаған: Раушан Берікболовна  
Мұғалім: Бескенова Қарлығаш